

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚАУЛЫСЫ**

2017 жылғы 30 маусым

Алматы қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 129

город Алматы

**Қазақстан Республикасы банк  
секторының қаржылық  
орнықтылығын арттыру  
бағдарламасын мақұлдау туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 15 ақпандағы № 422 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 39-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы мақұлданды.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Қизатов О.Т.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

**Ұлттық Банк  
Төрағасы**

**Д. Ақышев**

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2017 жылғы 30 маусымдағы  
№ 129 қаулысымен  
мақұлданған

## **Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы**

### **Мазмұны**

- I. Банк секторының ағымдағы жай-күйі және құрылымдық проблемалары**
- II. Банк секторына қолдау көрсетудің халықаралық тәжірибесі**
- III. Проблемалық банктерді тиімді қадағалаудың, қалыпқа келтірудің және реттеудің ең озық әлемдік практикасы**
- IV. Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы**
  - i. Бағдарламаның мақсаттары мен негізгі қағидаттары
  - ii. Бағдарламаны іске асыру тетігі
    - a. қадағалауға ден қоюдың сапасын және жеделдігін арттыру үшін реттеу және қадағалау ортасын өзгерту;
    - b. жүйе құраушы банктің қаржылық орнықтылығын арттыру шаралары;
    - c. ірі банктердің қаржылық орнықтылығын арттыру шаралары.
- V. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер**

## **I. Банк секторының ағымдағы жай-күйі және құрылымдық проблемалары**

2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банк секторының несиелік портфелі (негізгі борыш) 15 533,3 млрд. теңге болды.

Мерзімі өткен берешегі бар қарыздар несиелік портфелінің 28,3%-ы (4 392,3 млрд. теңге) болды, бұл ретте төлеу мерзімі 90 күннен асып кеткен қарыздар 10,7% (1 663,0 млрд. теңге) болды.

*Анықтама үшін: 2014 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша NPL ең жоғары үлесі несиелік портфелінің 33,7%-ын құрады.*

Банктердің несиелік портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздардың ағымдағы деңгейіне қарамастан, теңге бағамын түзету және макроэкономикалық жағдайлардың нашарлауы (елдің негізгі экспорттық позицияларға бағалардың төмендеуі) банктер клиенттерінің басым көпшілігінің кредитке қабілеттілігін төмендетті. Мәселен, экономиканың нақты секторының ірі кәсіпорындарын зерттеу мыналарды көрсетіп отыр:

1) 2016-2017 жылдарда экономикалық белсенділіктің төмендеуі

2017 жылғы 1-тоқсанда өндіріс көлемінің едәуір төмендеуі байқалды. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі 2017 жылғы 1-тоқсанда нашарлады: инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі 32,9%-ға дейін ұлғайды. Бұл ретте, осы мақсатта меншікті қаражатын пайдаланған кәсіпорындардың үлесі 64,1%-ға дейін азайды.

2) кәсіпорындардың қаржы-экономикалық жай-күйінің нашарлауы

Нақты сектор кәсіпорындары саудасының рентабельділігі 2015 жылдан бастап азайды да, 2017 жылғы бірінші тоқсанда 20,7% (2015 жылғы бірінші тоқсанда – 31,6%) болды. Шығынды және рентабельділігі төмен кәсіпорындардың үлесі 2017 жылғы бірінші тоқсанда 25,3%-ға дейін ұлғайды (2015 жылғы бірінші тоқсанда – 22,7%). Өтімділігі төмен кәсіпорындардың үлесі 36,3%-ға дейін ұлғайды.

Тиісінше, банктердің балансында проблемалық қарыздардың жоғары деңгейінің сақталуы банктердің кредиттік белсенділігін тежейтін негізгі проблемалардың бірі болып қалып отыр. Кредит нарығын соңғы зерттеулер несиелік портфелін сауықтыру бойынша жасалған жағдайларға қарамастан банктердің басым көпшілігі несиелік портфелі сапасының едәуір жақсаруын күтпейтінін көрсетті. Мәселен, 2017 жылғы 1-тоқсанда банктердің 65,6%-ынан астамы несиелік портфелінің сапасы өзгеріссіз қалады деп болжам жасайды, респонденттердің 12,5%-ы – нашарлауды және 21,9%-ы - несиелік портфелі сапасының біршама жақсаруын күтеді.

Несиелік портфелі сапасының нашарлауы банктердің тәуекелге деген зауығын төмендетуге алып келеді, бұл кредиттік өтінімдерді мақұлдаудың төмен деңгейімен расталады. Банктердің басым көпшілігі мақұлданған кредиттік өтінімдер санының ұлғаятынын болжамайды. Несиелік портфелі 2017 жылғы 5 айда 116,7 млрд. теңгеге азайды.

Банктердің қарыз алушыларының қаржылық жай-күйінің тұрақсыз болуы, ағымдағы нарықтық баға бойынша кепіл нысаналарын сатып алуға деген сұраныстың төмендеуіне байланысты мерзімі өткен берешекті қайтару қарқынының едәуір төмендеуі, банктер үшін ұлттық валютада қорландырудың жоғары құны, несие портфелінің валюталық бөлігін қайта бағалау банктердің жұмыс істемейтін қарыздар мөлшерінің өсуіне соқтырады және меншікті капиталына қысым көрсетеді. Экономикалық өсу қарқынының төмендеу жағдайларында қайта құрылымдау, шын мәнінде, банктер үшін қарыз алушылардан борыш ауыртпалығын төмендету бойынша жалғыз қолжетімді құрал болды.

Осындай жағдайларда жұмыс істемейтін қарыздардың әлеуетті көлемі жоғары болуы ықтимал. Ұлттық Банк банк жүйесінің ең ірі қарыздарына таңдаулы тексеру жүргізді, ол қайта құрылымдалған қарыздарды ескергенде NPL әлеуетті сомасы банктердің несие портфелінің шамамен 25%-ын құрайтынын көрсетті.

Жұмыс істемейтін кредиттер деңгейінің жоғары болу проблемасы мүлік және болашақта түсетін ақша, сақтандыру төлемінен бас тарту үшін көптеген негіздері бар сақтандыру шарттары; жеке тұлғалардың және кішігірім кәсіпорындардың кепілдіктері түріндегі банктердің кепілмен қамтамасыз етуінің төмен сапасымен күшейеді. Жекелеген банктерде осындай қарыздардың үлесі олардың несие портфелінің 80%-ынан асады.

Жекелеген банктер заң тұрғысынан алғанда тікелей байланыстылық белгілері жоқ, бірақ банктің акционерлерімен немесе лауазымды тұлғаларымен жанама байланысты тұлғаларға қарыз беруді кеңінен қолданып жүр. Осындай қарыздардың бөлігі қайтарылмайды.

Жоғарыда аталған проблемаларды шешуді тоқтату және оны кейінірек мерзімдерге қалдыру, алдыңғы жылдары байқалғандай, банк секторында жүйелік тәуекелдердің айтарлықтай өсуіне әкеп соғады.

Мұндай практиканың кеңінен қолданылуы аудиторлардың және бағалаушылардың есептілік сапасы үшін жауапкершілігінің төмен болуына көптеген институционалдық кемшіліктердің, кредиттік тәуекелдерді бағалау кезінде қадағалау пайымдаудың күші жойылуының және ХҚЕС-ке сәйкес провизияларды қалыптастыру кезінде банктердің өздерінің рөлінің күшеюі салдарынан болды.

Осындай шараларды уақтылы қабылдамау экономикалық делдалдар ретінде банктерге деген сенімділікті төмендетуі мүмкін, бұл экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет.

Банк секторының құрылымдық проблемаларының күрделілігіне қарамастан, тиімді шешу қолжетімсіз болып қалуда, себебі Ұлттық Банктің заңнамалық тұрғыдан активтің құнсыздануы бойынша қадағалау құқығы шектеулі және шешім қабылдауда банктердің мәліметтеріне сүйенуге мәжбүр болады. Заңнамада дәрменсіз банктерді анықтау және шешу тетіктерінің

маңызды элементтері жоқ, оларсыз реттеу іс-қимылдары жүйелік тәуекелдерді туындатуы мүмкін.

Осыған байланысты шұғыл бақылау және тәуекелге бағдарланған қадағалауды қолдану жөніндегі талаптарды заңнамалық деңгейде бекіту арқылы Ұлттық Банктің реттеушілік-қадағалау мандатын күшейту қажет. Бұл міндет жақсы банктер үшін тәуекелге бағдарланған қадағалауды және дәрменсіз банктерді реттеудің тиімді режимін енгізу арқылы озық практикаға және халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына сәйкес іске асырылатын болады. Атап айтқанда, мұндай режим проблемалық банктердің активтері мен талап етілетін провизиялар туралы дәлелді пайымдауға құқықты, сондай-ақ проблемалық банктерді қайта құрылымдаудың әдістерін өз қалауына қарай қолдану құқығын қоса алғанда, проблемалық банктерге қатысты шешімдер қабылдау үшін қажетті құралдарды реттеушіге беруді көздейді. Осындай жағдайда ғана дәрменсіз банктерді мемлекет үшін барынша аз шығынмен жылдам реттеуге болады.

## II. Банк секторына қолдау көрсетудің халықаралық тәжірибесі

### *Ресей Федерациясы*

**1) Банктерді Салымдарды сақтандыру жөніндегі агенттік арқылы үстеме капиталдандыру тетігі.** 2014 жылғы желтоқсанда жеке тұлғалардың салымдарын сақтандыру туралы заңға түзетулермен Салымдарды сақтандыру жөніндегі агенттіктің (бұдан әрі – ССА) мемлекеттен мүліктік жарна ретінде алынған федералдық қарыз облигацияларын (бұдан әрі – ФҚО) банктерге беру құқығы көзделді. ФҚО банктердің капиталын толықтырды, ал оның орнына ССА банктерден өтеу мерзімі ФҚО өтеу мерзімдерімен сәйкес келетін немесе кемінде 50 жыл болатын реттелген қарыздарды, облигациялық қарыздарды, сондай-ақ банктердің артықшылық берілген акцияларын қабылдады.

2014 жылғы желтоқсанда ССА банктерді үстеме капиталдандыру мақсатында 1 трлн. рубль сомасына ФҚО берді.

Банктерді ФҚО есебінен үстеме капиталдандыру өтеусіз негізде жүзеге асырылады – жасалған шарттардың талаптары бойынша банктер бюджетке алынған ФҚО үшін өздері берген облигациялардың купондық кірісінің мөлшерлемесімен пайыздық төлемдер аударады, бұл орташа алғанда шамамен 11% (яғни шығарылған борыштық қағаздар бойынша кіріс мемлекетке толығымен қайтарылады) плюс қосымша 1%.

Капиталдандыруды арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қатысатын банктер мынадай міндеттемелер қабылдайды:

даму үшін анағұрлым маңызды экономика салаларында қызметті жүзеге асыратын субъектілерді, шағын және орта бизнес субъектілерін, Ресей Федерациясының субъектілерін кредиттеуді және олардың облигацияларына қаражат орналастыруды, сондай-ақ ипотекалық кредиттеуді және ипотекалық облигацияларға салымдарды үш жыл бойы айына кемінде 1%-ға ұлғайту;

өз акционерлерінің (қатысушыларының) немесе үшінші тұлғалардың қосымша қаражаты есебінен не банк пайдасының есебінен өз бетінше банктің меншікті қаражатын (капиталын), оның ішінде банктің негізгі капиталын (алынған ФҚО мөлшерінің 50%-на) ұлғайту;

банк басшылары сыйақысының және банктің өзге қызметкерлерінің еңбекақы қорының деңгейін үш жыл бойы көтермеу.

Ресей Федерациясының Үкіметі ССА-ның банктерді капиталдандыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруы үшін 27 банктің тізбесін бекітті. Кейіннен банктер тізімі 30 банкке дейін кеңейтілді.

2015 жылы ССА жалпы сомасы 826 млрд. рубльге (ІЖӨ-нің 1%-ы) 30 банктің реттелген міндеттемелері мен артықшылық берілген акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдады.

**2) Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мақсатында Ресей банктерін Ұлттық әл-ауқат қорының (бұдан әрі – Қор) қаражатын пайдалана отырып үстеме капиталдандыру.** 2014 жылы Қор активтерінің 10%-на дейінгі көлемін Ресей банктерінің реттелген депозиттеріне және

реттелген облигацияларына орналастыру мүмкіндігін көздейтін Заң қабылданды, бұл Ресей банктерін үстеме капиталдандыру үшін құқықтық негіз құрайды. Қор қаражаты реттелген депозиттеріне орналастырылуы мүмкін кредиттік ұйымдардың кемінде 100 млрд. рубль көлемінде капиталы болуға тиіс.

ҚР Үкіметінің өкімімен:

2014 жылғы желтоқсанда Қордың 100 млрд. рублі өзін-өзі өтейтін инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру мақсатында әрбір 6 ай сайын пайыздарды төлеу кезеңділігімен «Банк ВТБ» ААҚ-тың реттелген депозитіне 30 жыл ішінде өтеу мерзімімен орналастырылды;

2015 жылғы сәуірде Қордың 38,5 млрд. рубль мөлшеріндегі қаражаты өзін-өзі өтейтін инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру мақсатында «Газпромбанк» АҚ-тың реттелген депозитіне 2042 жылға дейін өтеу мерзімімен орналастырылды.

Реттелген депозит шартына қойылатын талаптар:

банк тоқсан сайын Ресейдің Қаржы министрлігіне жобаларды қаржыландыру үшін тартылған, реттелген депозитке жіберілген қаражат туралы мәліметтерді, сондай-ақ есепті күні жобаларды қаржыландыру үшін жіберілмеген қаражатты пайдалану туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті;

Ресейдің Орталық Банкімен келіспей депозиттің немесе оның бір бөлігін мерзімінен бұрын қайтаруға, сондай-ақ депозитті пайдаланғаны үшін пайызды мерзіміне бұрын төлеуге, шартты мерзімінен бұзуға немесе шарт бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуға мүмкін емес екені туралы ереже;

Ресей Орталық Банкінің нормативтік актілерінің талаптарын сақтау шартымен реттелген депозитті реттелген облигацияларға ауыстыру мүмкіндігі туралы ереже;

банк банкрот болған жағдайда барлық өзге кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін реттелген депозит бойынша талаптарды қанағаттандыру туралы ереже;

депозит банктің қосымша капиталы көздерінің құрамына енгізілген күннен бастап 5 жылдан ерте емес уақытта банктің бастамасы бойынша депозитті (бір бөлігін) мерзімінен бұрын қайтару мүмкіндігі туралы ереже.

### ***АҚШ (Банктік инвестициялық бағдарламалар)***

2008 жылы АҚШ Үкіметі ипотекалық дағдарысы шеңберінде Корпорациялар мен қаржы секторының проблемалық акцияларын сатып алудың кешенді бағдарламасын (Troubled Asset Relief Program) қабылдады. АҚШ Үкіметі қаржыландырудың 5 тетігі шеңберінде банк секторына шамамен 245 млрд. долларды инвестициялады:

**1) Активтерге кепілдік беру бағдарламасы (AGP) шеңберінде** дефолты қаржы жүйесіне және жалпы алғанда экономикаға едәуір шығын келтіруі мүмкін банктерге мемлекет көмек көрсетті. Банктерге қолдау көрсету шығындардың бір бөлігін сіңіру арқылы жүзеге асырылды.

AGP Қазынашылықпен, Федералдық резервтік жүйемен және Федералдық депозиттерге кепілдік беру жүйесімен (мемлекет) бірлесіп жүзеге асырылды және басқа көмек беру бағдарламаларымен үйлестіріле отырып пайдаланылады.

Екі банк AGP шеңберінде көмек алды – Bank of America және Citigroup (Банктер).

#### Bank of America

2009 жылғы қаңтарда мемлекет активтерден болған 118 млрд. АҚШ доллары сомасындағы әлеуетті шығынды Bank of America-мен бөлісті. Егер келісім күшіне енгізілген болса, Мемлекет артықшылықты акцияларды кепілдік үшін төленген ақы ретінде алған бола еді.

2009 жылғы мамырда, келісім күшіне енгізілгенге дейін Bank of America келіссөздерді тоқтауды шешті және 2009 жылғы қыркүйекте Мемлекет пен Bank of America келіссөздерді тоқтатқаны үшін Bank of America-ның 425 млн. АҚШ доллары мөлшерінде айыппұл төлейтіні туарлы уағдаласты.

#### Citigroup

2009 жылғы қаңтарда Мемлекет сондай-ақ Citigroup-тың 301 млрд. АҚШ доллары мөлшеріндегі әлеуетті шығындарын бөлуді келісті. Келісім күшіне енді және мемлекет кепілдік үшін ақы ретінде артықшылықты акциялар түрінде 7,1 млрд. АҚШ долларын алды. Қазынашылық қосымша 66,5 млн. жай акция алды;

Бағдарлама 5-10 жыл жұмыс істейді деген болжамға қарамастан, басқа қолдау бағдарламасы (Target Investment Program нысаналы инвестициялау бағдарламасы) шеңберінде алынған 20 млрд. АҚШ долларын өтеуге байланысты Citigroup бағдарламаны 2009 жылғы желтоқсанда аяқтауды сұрады. Citigroup-тың 20 млрд. АҚШ долларындағы жеке капиталды тартқанын ескере отырып, реттеушілер Citigroup-тың сұратуын мақұлдады.

Бағдарламаның аяқталуына қарамастан, мемлекет Қазынашылық және Депозиттерге кепілдік беру жүйесі арқылы 7,1 млрд. АҚШ долларынан 5,3 млрд. АҚШ доллары сомасындағы артықшылық акцияларды сақтады (одан әрі борыштық артықшылықты бағалы қағаздарға айналдырылды).

Citigroup-қа төлемдер бойынша ешқандай талап болмағандықтан, ал Қазынашылық TARP бағдарламасы бойынша ешқандай кепілдік төлемдер жасамағандықтан, Citigroup-тан алынған барлық төлемдер және жоғарыда көрсетілген бағалы қағаздардан алынған кіріс салық төлеушілердің таза пайдасы болып табылады. 2012 жылғы сәуірдің соңында Citigroup-тан AGP шеңберінде алынған пайда Мемлекеттің пайдасына 2,76 млрд. АҚШ долларына теңесті.

AGP аяқталды және нәтижесі АҚШ салық төлеушілері үшін 3 млрд. АҚШ долларынан астам пайда болды.

**2) Реттеуіш капиталды бағалау бағдарламасы (SCAP).** Кредиттеуді қамтамасыз ету үшін Қазынашылық реттеушімен бірлесіп Реттеушілік



капиталды бағалау бағдарламасы атты стресс тестіні әзірледі. Ол 19 ірі банктік холдингтердің «денсаулығын» айқындауға тиіс болды.

Бағалау жүргізілгеннен кейін Қазынашылық капиталын жеке көздер арқылы өсіре алмаған институттарға TARP шеңберінде Капиталды қолдау бағдарламасы арқылы қосымша капитал беретінін алдын ала таныстырды. Бағдарламаны стресс-тестілеуден өткендермен шектелместен барлық банк және қаржы институттары (17 банк) ұсынды.

2009 жылғы мамырда ФРЖ Реттеушілік капиталды бағалау бағдарламасының нәтижелерін жариялады. Оған сәйкес 19 ұйымның әртүрлі стресс-сценарийлер үшін жеткілікті капиталы болды. 10 компанияға жалпы алғанда 75 млрд. АҚШ доллары қажет болды. Оның ішінде тоғызы мұны жеке инвесторлар арқылы жасай алды. Бір Ally Financial ұйымына ғана TARP арқылы қосымша қаржыландыру қажет болды.

Бағдарлама 2009 жылғы қарашада қосымша инвестицияларсыз жабылды.

**3) Капитал сатып алу бағдарламасы (CRR)** қаржы жүйесін бүкіл ел бойынша жұмыс істеуге қабілетті банктер үшін капитал беру арқылы тұрақтандыру үшін іске қосылды.

CRR қаржы жүйесін бүкіл ел бойынша жұмыс істеуге қабілетті қаржы институттары үшін капитал беру арқылы тұрақтандыру үшін мақсатында басталды. Жұмыс істеуге қабілетті банк жүйесінсіз кредиттеу тоқталған болар еді және дағдарыс одан әрі дамып, бақылаудан шыққан болар еді. Нарықтың индикаторлар негізінде шығындарды сіңіру және бизнес пен тұтынушылардың кредиттік белсендігін қайта жаңғырту үшін қаржы институттарына қосымша капитал қажет екені анық. Осы түпмәтінде капиталға шұғыл салу қажет болды.

Қазынашылық 250 млрд. АҚШ долларын бөлді, одан кейін 2009 жылғы наурызда 218 млрд. АҚШ долларына азайды. Нәтижесінде CRR арқылы 205 млрд. АҚШ доллары инвестицияланды.

Бағдарлама арқылы 48 штатта 707 қаржы институтына, оның ішінде 450 шағын және жергілікті банкке және 22 сертификатталған жергілікті даму институттарына капитал берілді. Инвестициялар артықшылықты акцияларға және борыштық құралдарға айырбастау үшін жасалды. Артықшылықты акциялар бойынша кірістілік – алғашқы 5 жылда 5% және келесі жылдары 9%. Инвестициялар уақытында Қазынашылық жай акцияларды сатып алуға опциондар алды.

2016 жылғы қазандағы жағдай бойынша Мемлекет шамамен 226 млрд. АҚШ долларын алды (инвестициялардың сомасы 205 млрд. АҚШ доллары болған кезде) және артықшылық акциялар бойынша сыйақы алуын жалғастыруда.

**4) Жергілікті қаржы институттарын дамыту жөніндегі қоғамдастық (Community Development Capital Initiative).** Көптеген жергілікті және шағын банктер сондай-ақ дәстүрлі банктерден қарыз алудың қиын бола бастағанын сезінді. Оларды қаржыландыру үшін Қазынашылық 2010 жылғы ақпанда жергілікті шағын банктерге дағдарыстың салдарын жоюға көмектесу үшін

Қаржы институттарын дамыту мәселелері жөніндегі қоғамдастық құрды. Жергілікті банктер мен кредиттік қоғамдастықтар осы бағдарлама арқылы СРР шеңберінде ұсынылған 5%-бен салыстырғанда 2%-бен инвестициялар алды.

Қазынашылық бағдарлама бойынша қорландыруды 2010 жылғы қыркүйекте аяқтады, инвестициялардың жалпы көлемі 84 институт бойынша 570 млн. АҚШ долларына тең болды.

**5) Қазынашылық 2008 жылғы желтоқсанда Нысаналы инвестициялау бағдарламасын (Targeted Investment Program) жасады.** Қазынашылық Бағдарлама арқылы маңызды жағдайларда қаржы институттарын қосымша қаржыландыру бойынша біршама икемді болады.

Қазынашылық ТІР арқылы аса маңызды қаржы институттарына деген сенімді жоғалтудың алдын алуға тырысты, бұл нарықтың тұрақсыздануына алып келуі мүмкін еді.

Қазынашылық Bank of America-ға және Citigroup-қа 20 млрд. АҚШ долларын инвестициялады. Бұл инвестициялар сондай-ақ СРР шеңберінде көмек алған банктерге берілді. Осы бағдарлама СРР сияқты артықшылық акцияларды және опцияларды жай акцияларға айырбастау үшін жүзеге асырылды.

Кірістілік – 8%, менеджментке бонустарды төлеуге шектеу белгіленді, корпоративтік шығыстар шектелді.

2009 жылғы желтоқсанда Bank of America мен Citigroup инвестицияларды толық төледі.

Бағдарлама бойынша алынған дивидендтер 3 млрд. АҚШ долларын құрады.

### *Еуропа елдері*

1998 – 2002 жылдардағы экономикалық дағдарыс **Түркия Республикасының Үкіметін** банк секторын қолдау шараларын қабылдауға мәжбүрледі. Банктерді қолдау бағдарламасына реформалардың мынадай төрт топтамасы енгізілді:

мемлекеттік банктерді қайта құрылымдау;

Депозиттерге кепілдік беру қорына (SDIF) 20 проблемалық банкті (жүйедегі 81 банктің ішіндегі) беру. SDIF несие портфелін қайта құрылымдады, акционерлік капиталды есептен шығарды, банктердің міндеттемелерін қайта құрылымдады, активтер мен міндеттемелерді шоғырландырды, оларды жаңа инвесторларға сатты;

3 ірі жеке банктің капиталын нығайту:

- бірінші деңгейдегі жеткілікті капиталы болған кезде – SDIF-тен реттелген қарыз;

- басқа екі банктің акционерлері жетпейтін капиталды енгізді;

банктің қадағалау органдарын және реттеуші институттарды қайта ұйымдастыру және күшейту.

Банктердің шығындары өтеу көздері нақты акционерлердің талаптарын есептен шығару, өтелмеген шығындарды кредиторлардың және Үкіметтің сіңіруі, сондай-ақ жаңа инвестордың жеке капиталды енгізуі.

Түркияның банк секторын мемлекеттік қолдаудың жалпы көлемі 24,6 млрд. АҚШ долларын (елдің ІЖӨ-нің 16,7%-ы) құрады, оның ішінде 17 млрд. АҚШ доллары Қазынашылық тарапынан мемлекеттік бағалы қағаздар түрінде капиталға енгізуге немесе SDIF тарапынан 3,8 млрд. АҚШ доллары ақша түрінде қарыз алушыларды қолдауға (банктер алдындағы борышты есептен шығару) бағытталды.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде Түркияда мемлекеттік банктердің рөлі төмендеді, банк секторының орнықтылығы мен ашықтығы көтерілді, сондай-ақ экономиканы кредиттеу өсті.

**Исландиядағы қаржы дағдарысы** елдің үш негізгі банкіндегі олардың қысқа мерзімді борыштарын қайта қаржыландырудан болған қиындыққа орай күйреуге және Ұлыбританияда және Нидерландта салымшылардың депозиттерді дүрлігіп жабуына байланысты болды.

Исландия Үкіметі банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін сауықтыру құралдары сияқты – bail in ретінде қаржылық тәртіпті реттеуді және қаржы секторын қайта құрылымдауды пайдаланды. Банктердің шығындарының ауқымы кредиторды құтқаруды қосқан жоқ. Резиденттердің салымдарына мемлекет толық кепілдік берді және олар зардап шеккен жоқ, ал бейрезиденттердің салымдарына кепілдік берілген жоқ және қайта құрылымдауға (bail-in) ұшырады. Банктердің ішкі активтері мен міндеттемелері қаржы реттеушісінің қадағалауымен арнайы құрылған үш «таза» банкке берілді. Шетелдік активтер мен міндеттемелер тарату үшін және талаптарды (receivership) қанағаттандыру үшін уақытша басқарушыларға берілді.

Банктерді қаржылай қолдауды қаржыландыру көздері 2,1 млрд. АҚШ доллары сомасына жаңа банктерді капиталдандыруға мемлекеттік облигациялар шығаруы, ХВҚ-дан 2,1 млрд. АҚШ доллары және Еуропа елдерінен 2,5 млрд. АҚШ доллары қаражатын бөлуі болып табылады.

Банктерді қолдау тетігін ойдағыдай іске асырудың нәтижесі өтімділікпен қиындығы болмаған банк жүйесін құру болды.

**Италия банктерін қолдау үшін** Үкімет проблемалық банктерді 20 млрд. еуро мөлшерінде қайта капиталдандыру қорын құрды. Мәселен, Monte dei Paschi di Siena банкін қайта капиталдандыруға 6,5 млрд. еуро жоспарланды, бұл ретте Еуропалық Орталық Банк осы банктің капиталының жеткіліксіздігін 8,8 млрд. еуроға бағалады.

Monte dei Paschi di Siena қолдау құралдары мемлекеттің банктің капиталына (6,5 млрд. еуро) енуі және еуропалық заңнамаға сәйкес инвесторлардың реттелген облигацияларын банктің акцияларына айырбастауы есебінен борышты 2,3 млрд. еуроға қайта құрылымдауы (bail-in) болды.

Соңғы 10 жылда мемлекет Monte dei Paschi di Siena-ға бірнеше рет мемлекеттік қолдау көрсетті, нәтижесінде оның банктегі үлесі 4% болды.

Жоспарланған мемлекет меншігіне айналдыру (bail-out) қорытындылары бойынша 2017 жылы мемлекеттің банктің капиталындағы үлесі 4%-дан 70%-ға дейін өседі.

**Ирландия Үкіметі** банктерді құтқару кезінде – 64 млрд. еуро немесе ІЖӨ-нің 40%-ға жуық айтарлықтай шығын шекті. Мемлекеттік шығыстардың жартысынан астамы қайтарылмайды, Irish Bank Resolution Corporation (IBRC, ұйым Anglo Irish Bank (AIB) және Irish Nationwide Building Society (INBS екі ірі банкті мәжбүрлеп қосу нәтижесінде құрылды) жіберілді және оның салдарынан 2013 жылы таратылды).

Банк секторын қолдау тетігі AIB және INBS банктерін (bail-out) мемлекеттің меншігіне айналдыруды, бір «нашар» банкке (IBRC) қосуды, Ирландия Үкіметінің Активтерді басқару жөніндегі ұлттық агенттікті (NAMA) және қатысушы банктердің міндеттемелеріне кепілдік беру жүйелерін құруын қамтиды.

Банктерді қолдауды қаржыландырудың көздері акционерлік капиталды, Үкіметтің ақшалай қаражатын (банктердің кредиторларына төлеуге (қайтарылмайтын)) есептен шығару, бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында МВҚ – 67 млрд. еуро болды.

Мемлекеттік қолдау көлемі 35 млрд. еуро болды, оның ішінде 2009 жылы AIB және INBS банктерін мәжбүрлеп қосылу шеңберінде 4 млрд. еуро, 2010 жылы IBRC проблемалық активтерді NAMA компаниясының сатып алу бағдарламасына 25,3 млрд. еуро жұмсалды.

Мемлекеттік қолдау шаралары салық төлеушілердің жүктемелерінің және оны төмендету үшін пайдаланылмаған мүмкіндіктердің өсуіне ықпал етті (bail in кредиторлар).

**Ұлыбританияда** мемлекет ірі банк – Royal Bank of Scotland (RBS) капиталына енді және бірінші 60 млрд. фунт (first loss) зиян деп танылған жағдайда активтерді қорғау схемасы (Asset protection scheme) қолданылды, мұнда кейінгі зиянның 90%-ын мемлекет (second loss) жабатын болады. Бұдан басқа Англия Банкі құны 100 млрд. фунт болатын активтерді кепілге бере отырып 36 млрд. фунтқа дейін шұғыл өтімділікті ұсынды және Ұлыбритания Үкіметінің кепілдігін ұсынды. Екі айдан кейін ұсынылған өтімділік қайтарылды.

Қаржыландыру көздері және мемлекеттік қолдау көлемі:  
акционерлік капиталды есептен шығару;

Үкіметтің 46 млрд. фунт мөлшеріндегі қаражатты акционерлік капиталға қосуы (акциялардың нарықтық құны инвестициялардан біршама төмен болды);  
шартты капитал беру (капиталды төмендету кезінде қосу);

Үкіметтің APS бойынша 202 млрд. фунт мөлшерінде кепілдік беруі.

Салық төлеушілер және кейбір банктерді мемлекет меншігіне айналдыру есебінен банк секторын тұрақтандыру қабылданған шаралардың нәтижесі болды (мемлекеттің капиталдағы үлесі 73% болды).

### **III. Проблемалық банктерді тиімді қадағалаудың, қалыпқа келтірудің және реттеудің ең озық әлемдік практикасы**

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, тиімді қадағалауды қалыптастыру, проблемалық банктерді анықтау және дәрменсіз банктерді реттеу үшін Тиімді қадағалаудың негізін құраушы қағидаттарға (Банктерді қадағалау жөніндегі Базель комитеті, бұдан әрі – БҚБК), Әлсіз банктерді анықтау және оларға қатысты шаралар қолдану бойынша басқару қағидаттарына (БКБН), сондай-ақ дәрменсіз банктерді тиімді реттеудің негізгі атрибуттарына (Қаржылық тұрақтылық кеңесі) сәйкес қаржылық есептіліктің шынайы жүйесі және заңнамалық базасы болуы қажет.

#### ***Тиімді қадағалау.***

Тиімді қадағалаудың негізгі факторларының бірі реттеушінің дәлелденген пікірін қолдану өкілеттігі болып табылады. Атап айтқанда, Тиімді қадағалаудың негізін салушы қағидаттар бойынша реттеуші мыналар шеңберінде қадағалау пікірін қолдану өкілеттігіне ие болуға тиіс:

егер реттеушінің пікірі бойынша банк банкке немесе банк жүйесіне қауіп туғызатын қызметпен айналысатын болса, банкке қатысты түзету және қадағалау шараларын қолдану (11-қағидат);

нақты өтеулер мен қалпына келтірулерді көрсетуді ескере отырып жұмыс істемейтін қарыздарды уақытылы есептен шығаруды қамтамасыз ету үшін банктер провизияларының жеткіліктілігін бағалау, нарықтық және макроэкономикалық талаптарды ескере отырып, провизиялау мақсатында кепіл мүлкінің құнын бағалаудың барабарлығы (18-қағидат);

байланысты тараптармен мәмілелерді реттеу мақсатында банктердің байланысты тұлғаларын айқындау және анықтау кезінде реттеушінің пікірді қолдану өкілеттігі (20-қағидат).

Көптеген елдердің (АҚШ, ЕО, Ресей, Украина және басқалары) заңнамалары осы қағидаттарға негізделеді.

#### ***Проблемалық банктерді анықтау және дәрменсіз банктерді реттеудің тиімді режимі.***

Әлемдік практикада банктердің жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіру және/немесе реттеу мақсатында мынадай тетіктер пайдаланылады:

дәрменсіз банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке беру бойынша операциялар (Purchase and Assumption, P&A);

«бридж-банкті» құру (тұрақтандыру банкі);

кредиторлардың міндеттемелерін айырбастау есебінен қайта капиталдандыру (bail-in);

мемлекеттік қолдау есебінен қайта капиталдандыру (bail-out);

активтерді басқару жөнінде жекелеген компания құру және оған басқару мен өндіріп алу үшін бағалауға қиындық туғызатын, жұмыс істемейтін кредиттер мен активтерді беру;

тарату.

Реттеу жөніндегі уәкілетті органдар реттеу шеңберінде аталған құралдардың біреуін және одан көбін пайдалана алады. Реттеу құралын пайдалану кезінде уәкілетті органдар көптеген факторларды, оның ішінде мемлекеттік шығындарды азайту тұрғысынан экономикалық пайдалылықты, әрбір бөлек юрисдикциядағы заңнаманың ерекшеліктерін ескере отырып әрбір құралдың қолданылуын, сондай-ақ проблемалардың ауқымын ескере отырып, тұтастай алғанда экономикалық жай-күйді және әрбір реттеу құралының банк секторына салдарларын назарға алады.

Ең озық халықаралық практикада заңнамалық база проблемалық банктерді анықтауда және дәрменсіз банктерді реттеу режимінде мынадай қағидаттарға негізделеді:

- қадағалау шараларын реттеу бойынша шаралардан заңнамалық тұрғыдан бөлу;
- дәрменсіз банктердің қызметіне араласу бойынша шараларды міндетті түрде қабылдау үшін заңнамалық триггерлерді белгілеу;
- дәрменсіз банкті реттеу кезінде, банк таратылған жағдайда ешбір кредитор көп шығынға ұшырамауға тиіс;
- банктің акционерлері бірінші шығынға ұшыруға тиіс, банктің кредиторлары олардың талаптарын банкті тарату шеңберінде белгіленген қанағаттандыру кезектілігінің тәртібіне сәйкес акционерлерден кейін шығынға ұшыруға тиіс;
- жеке және заңды тұлғалар банктің дәрменсіздікке жеткізгенге дейін азаматтық және қылмыстық заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылуға тиіс;
- уәкілетті органдар халықаралық органдар (СФС, БКБН) ұсынған банктердің дәрменсіздігін реттеу құралдарын қолдану бойынша өкілеттіктердің кең спектріне ие болуға тиіс.

Төменде реттеу құралдарын қолданудың халықаралық тәжірибесі және оларды Қазақстанда қолданудың ықтимал шектеулері келтірілген.

**1. P&A операциялары шеңберінде** бір немесе бірнеше тұрақты банктер активтерге иелік етеді және дәрменсіз банктің міндеттемелерін толық немесе ішінара қабылдайды. Көптеген елдерде P&A операциясы банк лицензиясын қайтарып алуды және таратушының банктің қалған бөлігіне дәрменсіздік рәсімдерін қолдануды қажет етеді. P&A операциясы дәрменсіз банк мүлкінің (активтер мен міндеттемелер) барлығына немесе бір бөлігіне әлеуетті сатып алушы болған кезде ғана дәрменсіздікті реттеудің тиісті құралы ретінде қаралуы мүмкін. P&A операциялар шеңберінде әлеуетті сатып алушылар тұрғысынан алғанда банктің тартымдылығын арттыру үшін қаржылай ынталандырудың қажет екендігін атап өткен жөн. Мұндай ынталандырулар депозиттерге кепілдік беру жүйесі тарапынан (егер активтер сақтандырылған депозиттерді жаппаса) немесе айрықша жағдайларда мемлекет тарапынан ақшалай салымдар нысанын қабылдай алады.

Халықаралық практикада P&A (бридж-банк) шеңберінде, әдетте, рентабельді активтер ғана беріледі себебі: (1) нашар активтер қабылдаушы

банктің тұрақтылығына теріс әсер етуі мүмкін; (2) жұмыс істеу қабілеті нашар банктің жұмыс істемейтін активтерін қабылдағысы келетін сатып алушыны тауып алу қиын. Жұмыс істемейтін, Р&А шеңберінде сатып алушыға сатылмаған активтерді конкурстық басқарушылар тарату шеңберінде банктің қалған бөлігін сатып алады не нашар активтерді басқару жөніндегі компания өндіріп алады. Р&А шеңберінде сатып алушыға берілмеген кредиторлардың міндеттемелері таратылуға жатады. Заңды тұлға ретінде дәрменсіз банкті жабу акционерлердің өздерінің инвестицияларын жоғалтатындығын, ал менеджменттің өзгеретіндігін білдіреді.

*Қазақстанда Р&А қолданылуы және қолданыстағы шектеулер*

Қазақстан Республикасының заңнамасы Р&А жүзеге асыру мүмкіндігін көздейді. Оған қоса, бұл құралды ағымдағы жағдайда қолдануға қатысты мынадай шектеулер бар:

а) берілетін активтердің көлемі проблемалық банктің міндеттемелерін жаба алмау жоғары ықтималдығы бар және тиісінше сатып алушыны тарту үшін:

міндеттемелердің қалған бөлігін жабу үшін мемлекеттің қолдауымен Р&А жүзеге асыру, не

қабылдаушы банкке кредиторлар/депозиторлар алдындағы міндеттеменің тек бір бөлігін беру қажет, нәтижесінде міндеттемелердің берілмейтін бөлігі банкті таратудың стандарттық рәсімдері шеңберінде өтеледі. Бұл кредиторлар үлкен зиянға ұшырайды, өйткені тарату массасын Р&А шеңберінде берілмеген жұмыс істемейтін активтер ғана құрайды. Оған қоса, талаптары қабылдаушы банкке берілмейтін кредиторлардың басым бөлігін мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілері құрауы мүмкін;

б) Р&А операциясы дәрменсіз банктің активтері мен міндеттемелерін сіңіру үшін жеткілікті қаржы және ұйымдық мүмкіндіктері бар қызығушылық білдірген және қаржылық жағынан тұрақты қабылдаушы банк болған жағдайда ғана қолданылады;

**2. Тұрақтандыру банкі (бридж-банк/өтпелі банк).** Бридж-банкті құру бойынша операция көбіне дәрменсіз банк Р&А іске асыру үшін жарамсыз, ал әлеуетті сатып алушыларға кешенді сараптаманы жүргізу үшін уақыт талап етілген жағдайда қолданылады. Осы процеске қатысуға ниет білдірген басқа банкті іздестіру үшін уақыт беру оның басымдығы болып табылады. Дәрменсіз банк жабылады және дәрменсіздікті реттеу рәсіміне енеді. Заңды тұлға ретінде дәрменсіз банкті жабу акционерлердің өз инвестицияларын жоғалтқандығын, менеджменттің ауысатындығын білдіреді.

Жаңа бридж-банкті реттеу жөніндегі орган лицензиялайды және бақылайды, алайда оған міндетті пруденциялық нормативтер қолданылмайды. Бридж-банкке сол сияқты депозиторлар мен кредиторлардың олардың талаптарын орындау кезектілігі иерархиясына сәйкес тек рентабельді активтері мен міндеттемелері беріледі. Жұмыс істемейтін активтер мен міндеттемелердің

берілмейтін бөлігі, Р&А шеңберіндегі сияқты таратудың стандарттық рәсімдері шеңберінде реттеледі.

Банктің күйреуі мен қадағалау банкі банк бизнесін бағалап, бір немесе бірнеше инвесторларға сата алатын кезең арасындағы айырманы қысқарту бридж-банкті құрудың мақсаты болып табылады. Оған қоса, бұл әлеуетті сатып алушыларға банк клиенттері үшін қызметтің үзіліссіздігін сақтай отырып, банктің жай-күйін бағалау және офертаны жіберу үшін қажетті уақыт береді.

*Қазақстанда бридж-банктің қолданылуы және қолданыстағы шектеулер*

Қазақстан Республикасының заңнамасы тұрақтандыру банкін құру мүмкіндігін көздейді. Оған қоса, бұл құралды ағымдағы жағдайда қолдануға қатысты мынадай шектеулер бар:

а) Р&А-ғы сияқты берілетін активтердің көлемі проблемалық банктің міндеттемелерін жаба алмау жоғары ықтималдығы бар және тиісінше:

бридж банкті құру міндеттемелердің қалған бөлігін жабу үшін мемлекеттің қолдауын талап етеді *не*

бридж банкке кредиторлар/депозиторлар алдындағы міндеттеменің тек бір бөлігін беру, нәтижесінде міндеттемелердің берілмейтін бөлігі банктің қалған бөлігінің тарату рәсімдері шеңберінде орындалады. Бұл нұсқа Р&А-да көрсетілген тәуекелдерге ұқсас;

б) міндеттемелер мен активтерді тұрақтандыру банкіне беру қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес депозиторлар мен кредиторлардың келісімі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады, бұл әлеуетті түрде осы құралды ағымдағы жағдайда қолдану үшін кедергі болуы мүмкін.

**3. Кредиторлар есебінен қайта капиталдандыру (Bail-in).** Bail-in – реттеу құралы, ол тарату кезінде талаптардың кезектілігін және акционерлердің үлесін алдын ала есептен шығаруды көздейтін қағидатты сақтай отырып кредиторлардың қамтамасыз етілмеген және сақтандырылмаған талаптарын капиталға конвертациялауға мүмкіндік береді. Халықаралық практикада bail-in проблемалық банкті қайта капиталдандыру үшін немесе дәрменсіз банкті жабу кезінде көрсетілген функциялардың мирасқоры болып табылатын жаңадан құрылған бридж-банкті қайта капиталдандыру үшін балама ретінде қолданылады.

Bail-in тетігі қаржылық жай-күйі күрделі жағдайда болып отырған және қалыпқа келтіру құралдарын қолданбаған жағдайда таратылуы мүмкін дәрменсіз банктерге қатысты ғана қолданылады. Таратылған жағдайда, банктің активтері сақтандырылмаған депозиторлар және аға кредиторлар алдында оның барлық міндеттемелерін жабу үшін жеткілікті болу мүмкіндігі өте төмен. Осыған байланысты, bail-in енгізу аға кредиторларда және кепіл берілмеген депозиторларда банктің төлем қабілеттілігінің және беделінің қалпына келуіне қарай олардың капиталды (капиталдың бір бөлігін) қайтарып



алуына мүмкіндік беретін заңнамада нақты белгіленген қағидалар мен нормалардың болуына мүмкіндік беретін тетік ретінде қарастырылады.

Оның мақсаты акционерлердің және борыштық міндеттемелер иелерінің дәрменсіздікті реттеу рәсімдерінің құнын заңнамада белгіленген талаптардың кезектілігіне сәйкес төлеуін қамтамасыз ету болып табылады. Bail-in құралы реттеу жөніндегі басқа өкілеттіктермен бірге пайдаланыла алады. Оған қоса, банкті қайта капиталдандырған жағдайда ол проблемалық активтерден арылуды, функцияларды қысқартуды және банктің жоғары басшылығын ауыстыруды көздейтін жаңа бизнес- жоспармен толықтырылуға тиіс.

*Қазақстанда қолданылуы және қолданыстағы шектеулер*

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тек ерікті bail-in (қайта құрылымдау) көзделген – қайта құрылымдау жөніндегі рәсімдер шеңберінде кредиторлардың келісімі болған жағдайда проблемалық банктің міндеттемелерін оның акцияларына конвертациялау, оның мынадай шектеулері бар:

а) ерікті bail-in кредиторлардың келісімі (кем дегенде 75%) болған кезде ғана жүзеге асырылады.

б) банктер кредиторларының көп бөлігі мемлекеттік не квазимемлекеттік секторға жатады, ол мемлекеттік сектор кредиторларының bail-in жүргізуін bail-out құралын пайдаланумен теңестіреді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында дәрменсіз банктің міндеттемелерін оны қайта капиталдандыру және қалпына келтіру мақсатында оның акцияларына мәжбүрлеп (мәжбүрлі bail-in) конвертациялау мүмкіндігі көзделмеген.

**4. Мемлекет қаражатын пайдалану есебінен қайта капиталдандыру (bail-out).** Жалпы алғанда, тиімді реттеу режимі дәрменсіз банктерді мемлекеттің қолдауына сүйенбеуі немесе осындай қолдау көрсетілетіндігін күтуді туындатпауы тиіс. Оған қоса, мемлекеттің қаражатын банктерді уақытша қолдау үшін пайдалану, егер дәрменсіз банкті реттеу және нарықтан шығару салдарлары ауыр жүйелік салдарларға әкелген жағдайда, қажет болуы мүмкін. Мемлекет тарапынан қолдау көрсету таратылуы қаржы секторының тұрақтылығына қауіп төндіретін және жалпы алғанда қоғам үшін неғұрлым жоғары шығындарға әкелетін банктермен ғана шектелуге тиіс. Бұл ретте мемлекет қаражатын пайдалануды бастағанға дейін тұрақты қорғау тетіктерін, оның ішінде зияндарды ағымдағы акционерлерге бөлуді қамтамасыз ететін тетіктерді енгізу талап етіледі.

Базель ұсынымдарына сәйкес дәрменсіз банктерге мемлекеттік қолдау фискалды басымдықтарды ескере отырып Үкіметтің саяси шешімді қабылдауымен жиынтықта күрделі жүйелік дағдарыс сияқты ерекше жағдайларда пайдаланылуға тиіс. Осындай жүйелік тәуекелдерге кредиттеуді және клиенттердің көп бөлігіне көрсетілетін төлем қызметтерін тоқтату немесе бұзу тәуекелі жатады. Мұндай сипаттағы араласудың алдында реттеу құралдарының нұсқаларын бағалау, қолданыстағы юрисдикцияны және

экономикалық жағынан мақсатқа сәйкестігін ескере отырып оларды қолдану мүмкіндігі болуға тиіс.

Дәрменсіз банктерге мемлекеттік қолдау капиталды (әдетте МБҚ түрінде) тікелей салу немесе мемлекет тарапынан банкке берілетін қарыздар, сол сияқты проблемалық активтерді сатып алатын нақты мекемелерге қолднылатын зияндардан кепілдіктер түрінде берілуі мүмкін. Көрсетілген қолдау жеке сектордың барлық мүмкіндігі толық пайдаланылған және зияндар сала есебінен жабылған жағдайларды қоса алғанда, қатаң талаптарды сақтаған кезде көрсетіледі.

Мемлекет қаражатын жұмсау тиісті органдар бекітуге тиіс іс-қимыл жоспарын іске асыруға байланысты. Бұл жоспар рентабельділікті және тиімді басқаруды қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды қамтиды. Бұл ретте қосымша талаптар қолданылуы мүмкін. Бұл ретте мемлекет реттеу рәсімі барысында пайдаланылатын құралдарды қолдау үшін бөлінетін қаражатты қайтарып алу мүмкіндігін сақтап қалуға тиіс.

## **IV. Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы**

### **1. Бағдарламаның мақсаттары мен негізгі қағидаттары.**

Мемлекет дағдарыс құбылысы кезеңінде тұтас алғанда қаржы жүйесінің және экономиканың орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында банктерді қолдауға мүдделі. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Президенті банк секторын қалыпқа келтіру бойынша шаралар кешенін қабылдауды тапсырды. Осындай шараларды уақтылы қабылдамау экономикалық делдалдар ретінде банктерге деген сенімділікті төмендетуі мүмкін, бұл экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет.

Бағдарламаның негізгі мақсаттары:

- 1) банк секторындағы тәуекелдерді ертерек ескерту үшін қадағалау процесінің тиімділігін арттыру;
- 2) акционерлерімен ортақ банктерді үстеме капиталдандыру және банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- 3) экономиканың нақты секторын кредиттеуді қалпына келтіру;
- 4) экономика мен халыққа банктік қызметті үздіксіз көрсету;
- 5) ықпалдасу процестерінің шегінде банк секторының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету (ДСҰ және ЕЖК).

### **2. Бағдарламаны іске асыру тетігі**

Банк секторының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік шаралар үш негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: (1) қадағалауға ден қоюдың сапасы мен шұғылдығын арттыру үшін реттеу және қадағалау ортаны өзгерту; (2) жүйе құраушы банкті сауықтыру; (3) ірі банктерді қосымша капиталдандыру бойынша шаралар.

#### **2.1 Қадағалауға ден қоюдың сапасы мен шұғылдығын арттыру үшін реттеу және қадағалау ортаны өзгерту**

Мемлекет басшысының 2017 жылғы 15 ақпандағы Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 41-тармағын орындау шеңберінде Ұлттық Банкке мынадай:

Ұлттық Банкке жедел бақылау мен тәуекелге бағдарланған қадағалауды қолдану құқығын беру;

аудиторлық және бағалау компанияларының жауапкершілігін күшейту;

банктердің дәрменсіздігін реттеу режимін жетілдіру;

соңғы сатыдағы кредитор тетігін жетілдіру;

банктер активтерінің сапасын бағалауды жүргізу бөлігінде реттеу және қадағалау жүйесін кешенді өзгерту тапсырылды.

Ұлттық Банк активтер сапасын бағалауға бірегейлендірілген тәсіл ретінде 2017 жылғы 3 наурызда Мемлекет басшысының қатысуымен өткен ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысы барысында Мемлекет басшысы тапсырған меншікті капитал жеткіліктілігіне қосымша талапты (меншікті капиталды активтерді реттеушілік бағалау мен банк бағалауының арасындағы оң айырмаға түзету) белгілеуді жоспарлап отыр.

Ұлттық Банк осы заңнамалық шараларды банктерге мемлекеттік қаржылық қолдау шараларымен бірге 2017 жылдың соңына дейін әзірлеп, ҚР Үкіметінің қарауына ұсынады.

### **1) Кредиттік тәуекелді бағалау әдістемесіне сәйкес меншікті капиталдан қосымша реттеуіш шегерімді енгізу**

Ұлттық Банк 2017 жылғы 20 қыркүйектен бастап кредиттік тәуекелді бағалау әдістемесіне сәйкес меншікті капиталдан қосымша реттеуіш шегерімді енгізді. Кредиттік тәуекелді бағалау әдістемесін енгізу екінші деңгейдегі банктегі әлеуеттік шығын деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Кредиттік тәуекелді бағалау әдістемесінің негізі Ұлттық Банк инспекторлық тексерулер барысында реттеушілер активтердің сапасын бағалауды жүргізу әдістемелерінде (Asset Quality Review - AQR) негізделген халықаралық тәжірибеге сәйкес қарыздарға (кредиттерге) және дебиторлық берешекке қолданатын кредиттік тәуекелді бағалаудың консервативтік тәсілі мен өлшем шарттарынан құрылған.

Кредиттік тәуекелді бағалау әдістемесіне және ХҚЕС-ке сәйкес қалыптастырылған провизияларға (резервтерге) сәйкес реттеуіш шегерім арасындағы оң айырма (бұдан әрі – оң айырма) мынадай тәртіппен реттеуіш меншікті капиталды азайтады:

- 20.09.2017 ж. бастап – оң айырма сомасынан 5%;
- 01.12.2017 ж. бастап – оң айырма сомасынан 16,67%;
- 01.09.2018 ж. бастап – оң айырма сомасынан 33,33%;
- 01.09.2019 ж. бастап – оң айырма сомасынан 49,99%;
- 01.09.2020 ж. бастап – оң айырма сомасынан 66,67%;
- 01.09.2021 ж. бастап – оң айырма сомасынан 83,33%;
- 01.09.2022 ж. бастап – оң айырма сомасынан 100% (негізгі капиталдан).

### **2) Ұлттық Банкке шұғыл бақылау және тәуекелге бағытталған қадағалауды қолдану құқығын беру Ұлттық Банктің қадағалау мандатын заңнамалық деңгейде күшейтуі мыналар арқылы көзделетін болады:**

- дәлелді қадағалау пайымдауын енгізу;
- қадағалау ден қою шаралары жүйесін қайта қарау;
- акционерлердің банктерді қайта капиталдандыру бойынша жауапкершілігін күшейту;

банкпен байланыста болған тараптармен мәмілелерді реттеу мақсатында банкпен байланысты тұлғаларды айқындау және анықтау тетігін қайта қарау.

2.1) Дәлелді қадағалау пайымдауын енгізу банкте проблеманың туындауына қарай бірден түзету шараларын қабылдауды болжайды және банкті банкроттыққа жеткізбей банктің қаржы ахуалын одан әрі нашарлату тәуекелінің алдын алуға мүмкіндік беретін тәуекелге бағдарланған қадағалаудың элементі болып табылады. Реттеушінің қадағалау пайымдауы банктер активтерінің, байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелердің, тәуекелдерді басқару жүйелерінің және банктің менеджменті мен акционерлері келісімділігі сапасын бағалау сияқты негізгі бағыттарды бағалауға бағытталатын болады, олар банктердің қызметін кешенді талдау нәтижелеріне негізделетін болады.

Дәлелді қадағалау пайымдауы шеңберінде заңнамалық деңгейде оны қолданудың құқықтық аясы, рәсімдердің сипаттамасы мен қолдану қағидалары, тексерілетін банк келіспеген жағдайдағы реттеушінің іс-қимылдары белгіленетін болады. Қадағалау пайымдауы қадағалау органының банкте тәуекелдердің өсуі кезінде түзету іс-шараларын жүргізуге тікелей нұсқаулары болып табылады, оларды екінші деңгейдегі банктер орындауға міндетті.

Қадағалау пайымдауын қабылдаған кезде Ұлттық Банк өкілеттіктерінің ауқымы пайымдауды қабылдауда объективтік, айқындылық, алқалылық қағидаттарын, пайымдау кезінде пайдаланылатын ақпараттың дәйектілігі мен маңыздылығын сақтауды талап ететін болады.

Оның үстіне Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде аудиторлар мен бағалаушылардың жауапкершілігін, сондай-ақ олар көрсететін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған өзгерістер енгізу қажет.

2.2) Қадағалау ден қою шаралары жүйесін қайта қарау капитал мен кірістілікті жақсарту, корпоративтік басқару, ішкі тәуекелдерді басқару жүйесін, активтердің, банк жүргізетін операциялардың сапасын, капиталға қадағалау үстемесін және өтімділікті, сондай-ақ банктердің активті және пассивті операцияларын шектеуді қоса алғанда, өтімділік пен міндеттемелер құрылымының көрсеткіштерін жақсарту бойынша қадағалау шараларын қабылдау үшін күшейтуді талап етеді. Бұл қолданыстағы қадағалау ден қою шаралары жүйесінің бұзушылықтардың ауқымына, күрделілігіне және салдарына сәйкес келмейтініне байланысты болды.

Дәлелді қадағалау пайымдауы шеңберінде заңнамалық деңгейде оны қолданудың құқықтық аясы, рәсімдердің сипаттамасы мен қолдану қағидалары, тексерілетін банк келіспеген жағдайдағы реттеушінің іс-қимылдары белгіленетін болады. Қадағалау пайымдауы қадағалау органының банкте тәуекелдердің өсуі кезінде түзету іс-шараларын жүргізуге тікелей нұсқаулары болып табылады, оларды екінші деңгейдегі банктер орындауға міндетті.

Қадағалау пайымдауын қабылдаған кезде Ұлттық Банк өкілеттіктерінің ауқымы пайымдауды қабылдауда объективтік, айқындылық, алқалылық қағидаттарын, пайымдау кезінде пайдаланылатын ақпараттың дәйектілігі мен маңыздылығын сақтауды талап ететін болады.

Оның үстіне Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде аудиторлар мен бағалаушылардың жауапкершілігін, сондай-ақ олар көрсететін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған өзгерістер енгізу қажет.

Банктерді мемлекеттік қолдау Ұлттық Банкпен банктің қызмет етуге қабілеттілігін бағалауын ескере отырып, жүзеге асырылады. Мынадай факторлар назарға алынады: банктердің несие портфелі бойынша ықтимал залалының ауқымы; банктің жүйелік және әлеуметтік маңыздылығы; ағымдағы экономикалық жағдайда акционерлердің банктің қосымша капиталдандыруын жүзеге асыру қабілеттілігі және проблемалық банктерді реттеу құралдарын қолдану мүмкіндіктері.

2.3) Акционерлердің банктерді қайта капиталдандыру бойынша жауапкершіліктерін күшейту ҚР банк заңнамасында банк акционерінің (ірі қатысушы, банк холдингі) банктің қаржылық жағдайы нашарлаған не оның орын алу тәуекелі туындаған кезде банкті үстеме капиталдандыру бойынша жауапкершілігін белгілеуді көздейді. Банк заңнамасында банк акционерінде банктің қаржылық жағдайын жақсарту үшін қажетті мөлшердегі ақшаның не мүліктің міндетті түрде болуы жөніндегі талап көзделген (банкті қайта капиталдандыру жоспарының шеңберінде).

2.4) Байланысты тараптармен мәмілелерді реттеу мақсатында банктің байланысты тұлғаларын айқындау және анықтау тетіктерін қайта қарау.

Банк тараптарының байланыстылығының қолданыстағы өлшемшарттары заңдық қарым-қатынастардың болуына ғана негізделген. Сонымен қатар, тараптардың байланыстылығын белгілеу тек заңдық қарым-қатынастардың болуымен ғана шектелмеуге тиіс. Тараптардың байланыстылығының тек банкпен заңдық қарым-қатынастардың болуымен ғана негізделген өлшемшарттар жекелеген банктердің заңнамадан алшақтаудың әртүрлі схемаларын пайдалануына итермелейді, олардың көмегімен байланысты тараптар заңнамада белгіленген өлшемшарттарға формалды тұрғыда қатысы болмайды, және тиісінше байланысты тараптармен мәмілелерді реттеу объектісі болып табылмайды.

Бұл ретте, Ұлттық Банктің байланысты тұлғаларды анықтау кезінде реттеуші ретінде дәлелді пайымдауды қолдануға өкілдігі болмайды. Реттеушінің дәлелді пайымдауды қолдануға мүмкіндігінің болмауы жеке және заңды тұлғалардың ауқымды тобынан тартылатын қаражат есебінен, сондай-ақ мемлекет пен БЖЗҚ-ның экономиканы кредиттеуді ынталандыру үшін ұсынатын қаражаты есебінен банктің меншік иелері мен байланысты тараптарының бизнес-жобаларын қаржыландыру кеңінен қолдануына әкеп соғады. Аталған мәмілелердің нәтижесінде банк біршама тәуекелге ұшырайды, өйткені көптеген жағдайда кредиттеу тиісті қамтамасыз етусіз, сондай-ақ қарыз алушының төлем қабілеттілігін тиісінше бағаламастан жеңілдетілген талаптарда жүзеге асырылады.

Халықаралық тәжірибеде, банктердің байланысты тараптарын анықтаған кезде тараптардың байланыстылығының өлшемшарттарын белгілеуден басқа, тараптардың презумпция «байланыстылық» қағидаттарына негізделген реттеушінің дәлелді пайымдауын да қосымша пайдаланады. Аталған қағидатқа сәйкес реттеуші дәлелді пайымдау негізінде банк пен байланысты тарап ретінде танылған тұлға арасында заңдық қарым-қатынас болмаса да жекелеген тұлғаларды банктің байланысты тұлғалары қатарына жатқыза алады.

Бұл ретте, егер банк белгіленген мерзімдерде керісінше дәлелдемесе аталған тұлға банктің байланысты тараптары қатарына жатқызылады.

Осыған байланысты, банк заңнамасына банктердің байланысты тараптарын анықтаған кезде, оның ішінде банктер жеңілдетілген талаптарда (пайыздық мөлшерлемесі төмен, барабар кепілмен қамтамасыз етусіз және басқалар) жасалған мәмілелерді талдау кезінде қадағалау пайымдауын қолдану мүмкіндігін көздейтін өзгерістер енгізіледі.

### **3) Банктердің дәрменсіздігін реттеу режимін жетілдіру**

Қазақстанда дәрменсіз банктерді реттеудің заңнамалық базасы проблемалық банктерді қалыпқа келтіру мен реттеудің жекелеген құралдарын (P&A, орнықтырушы банк, ерікті қайта құрылымдау және басқа) енгізуге байланысты 2008 жылғы дағдарыстан кейін қайта қаралды. Сонымен қатар, заңнамада:

дәрменсіздікті реттеудің озық тәжірибеде көзделген барлық құралдарын (мәселен, мәжбүрлеп bail-in), қолдану мүмкіндігі көзделмеген, ол жүйелік тәуекелдер қаупі жағдайында мемлекеттік шығыстарды барынша азайта отырып дәрменсіздікті реттеу мүмкіндігін төмендетеді;

халықаралық органдар (БҚБК, ҚТК, ХВҚ және өзгелері) ұсынған тиімді реттеу қағидаттары, оның ішінде «тарату жағдайында белгіленген кезектілікке сәйкес кредиторлардың иерархиясын сақтау» және «ешқандай кредитор тарату кезіндегіден де нашар позициядан бас тартпауға тиіс» және басқалары сияқты негізгі қағидаттар іске асырылмаған.

Аталған кедергілер реттеу құралдарын қолдану тиімділігін айтарлықтай деңгейде төмендетеді және Ұлттық Банкті беделдік тұрғыдағы және құқықтық, оның ішінде акционерлер, сондай-ақ кредиторлар мен депозиторлар тарапынан сот қуынымдарымен байланысты тәуекелдерге ұшыратады.

Осыған байланысты, заңнамаға мыналарды:

- дәрменсіз банктердің капиталына мәжбүрлеп айналдыру/кредиторларының міндеттемелерін есептен шығару (bail-in) тетіктерін ендіру арқылы банктердің дәрменсіздігін реттеу құралдарын және басқа тетіктерді қабылдау үшін икемділікті кеңейтуді;

- реттеудің қолданыстағы құралдарын (P&A, орнықтырушы банк, ерікті қайта құрылымдау және тағы басқалары) жетілдіруді, заңнамадағы аталған құралдарды тиімді пайдалануды шектейтін кедергілерді жоюды;

- дәрменсіз банктерді нәтижелі реттеудің негізгі атрибуттарын іске асыруды: кредиторлардың иерархиясын сақтау (тарату жағдайында белгіленген кезектілікке сәйкес) және «ешқандай кредитор тарату кезіндегіден де нашар позициядан бас тартпауға тиіс»; мемлекеттік шығыстарды барынша азайту және тағы басқалары қағидаттарын енгізуді;

- Ұлттық Банктің уақтылы міндетті қадағалап ден қоюы арқылы проблемалық банктерді ертеден анықтау және олардың қызметіне араласуы жөніндегі жауапкершілігін (оның ішінде қадағалау пайымдау негізінде). Реттеу тетігін қадағалаудан бөлуді;

- Ұлттық Банк қызметкерлерін құқықтық қорғауды қамтамасыз етуді;

- дағдарысты жағдайларды басқару тетігін қалыптастыруды, орталықтың дәрменсіз банктерді қалыпқа келтіруі/реттеуі үшін мемлекеттің қаржысын пайдаланған жағдайда фискалдық органдардың (Қазақстан Республикасы Үкіметі/Қаржымині) шешім қабылдауын белгілеуін, Ұлттық Банк, Қаржымині мен басқа органдар арасындағы үйлестіру мәселелерін көздейтін өзгерістер енгізу қажет.

#### **4) Соңғы сатыдағы кредитор тетігін жетілдіру**

Қазіргі уақытта Ұлттық Банк әрбір нақты жағдайда Ұлттық Банк Басқармасының шешімімен айқындалатын талаптарда соңғы сатыдағы қамтамасыз етілмеген қарыздарды (бұдан әрі – ССҚ) беруге құқылы. Сонымен қатар, ССҚ тетігі ССҚ үшін банктердің өтініштерін қарау және қарыз алу талаптарын айқындау кезінде, Ұлттық Банктің тәуекелдерін барынша азайтуға ықпал жасайтын бірыңғай қағидаттар мен өлшемшарттардың болмауына байланысты жетілдіруді қажет етеді.

Осылайша, Ұлттық Банктің тәжірибесіне «Бэджотт қағидаттарын» атап айтқанда – сыйақының айыппұл мөлшерлемесі бойынша қысқамерзімді негізде қамтамасыз етумен төлем жасауға қабілетті банктерге ғана шұғыл өтімділік беруді ендіруді заңнамалық деңгейде ендіру болжанып отыр.

Егер банк төлем жасауға қабілетсіз болса, онда дәрменсіздікті реттеу режимі шеңберінде мемлекеттік қолдауды қоса алғандағы шешу құралдары жүйе қалыптастырушы банктер үшін ғана және акционерлер мен қамтамасыз етілмеген кредиторлар шығынды мойындағаннан кейін көзделуге тиіс.

Ұлттық Банк қаржы институттарын мемлекеттік қолдаған (ССҚ немесе дәрменсіздікті реттеу режимі шеңберінде мемлекеттік қолдау) жағдайда ҚР Үкіметі мен Ұлттық Банктің рөлімен байланысты ХВҚ-ның ұсынымдарын іске асыруды жоспарлап отыр. Атап айтқанда:

қарыз алушының жүйелік тұрғыдан маңызды болуы салдарынан, қаржы жүйесінің тұрақтылығы үшін қауіп туындаған жағдайда, ҚР Үкіметінің ССҚ-ға мемлекеттік кепілдік беруі тетігі көзделуге тиіс;



банктердің дәрменсіздігін реттеу режимінің шеңберінде ҚР Үкіметі фискалдық басымдылықтарды ескере отырып қолдау және қаржыландыру көздері туралы шешім қабылдауға тиіс. Ұлттық Банк ҚР Үкіметіне банктің нақты қаржылық жағдайы және жүйелік салдары туралы ақпараты беруге тиіс.

### **5) Проблемалық борыштар нарығын дамыту**

«Проблемалық кредиттер қоры» АҚ (ПКК) банктердің проблемалық активтерін сатып алу, осы активтерді басқару және борыштық бағалы қағаздарды эмиссиялау арқылы екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға бағытталған шараларды іске асыру жөніндегі заңды түрде көзделген функцияны іске асыруды жалғастырады.

Банктердің проблемалық активтерін сатып алу жүйе құраушы банкті сауықтыру жөніндегі бағдарлама шеңберінде сатып алынған активтерді сатудан алынған ақша ағындарының, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздар шығарудың (инвесторлардың қаражаты) есебінен жүзеге асырылатын болады.

Проблемалық активтерді тиімді басқару мемлекеттік инвестицияларды қайтару үшін қолайлы жағдай жасайтын экономиканың нақты секторы мен халықтың сатып алу қабілетін қолдауды қамтамасыз етеді.

ПКК қызметі проблемалық борыштар (distressed debts) нарығын қалыптастыруды және кәсіпорындардың борыштық жүктемесінің коэффициентін төмендетуге, қазақстандық компаниялардың тиімділігін, бәсекеге қабілеттілігін және инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік беретін олардың нарықтық құнын айқындауды болжайтын проблемалық активтерді басқарудың (проблемалық активтерді қайта құрылымдау, сату) халықаралық тәжірибесіне негізделеді.

### **6) Банктер активтерінің сапасына бағалау жүргізу**

Банктер активтерінің сапасына бағалау жүргізу банк секторының қаржылық тұрақтылығына кешенді бағалау жүргізудің көпшілік мойындаған халықаралық практикасы болып табылады.

Активтердің сапасын бағалау бұл әр банктегі проблеманың нақты ауқымын білудің неғұрлым анық әрі сенімді тәсілі. Осындай бағалау нәтижелері банктердің капиталға деген қажеттілігін, олардың активтерінің сапасын айқындауға, кредиттеу практикасын талдау және оның нашарлау себептеріне диагностикалау, провизиялау практикасын жүргізуге, аудиторлардың есептілігімен алшақтық себептерін айқындауға арналған. Активтерді бағалау толық капиталдандырылмаған, бірақ қызмет етуге қабілетті банктерді толық капиталдандырылмаған дәрменсіз банктерден бөліп алуға мүмкіндік береді.

Үздік халықаралық практикаға сәйкес активтердің сапасына бағалау жүргізу іс-шараларды екі кезеңде жүзеге асыруды болжайды. Бірінші кезеңде активтердің сапасын бағалау бойынша бірегейлендірілген әдіснамасы әзірленеді. Екінші кезеңде активтердің сапасын бағалаудың бірегейлендірілген

әдіснамасына, нәтижелерді жария хабарландыруға және қаржылық есептіліктегі олардың көрінісіне сәйкес банктерге инспекциялық тексерістер жүзеге асырылады. Аталған жұмыстар, оның ішінде, тәуелсіз консультанттардың қызметтерін тарта отырып жүргізіледі.

Үздік халықаралық практикаға сәйкес Қазақстанда активтердің сапасына толық көлемде бағалау жүргізу бірқатар проблемалармен:

1) тәуелсіз бағалау нәтижелерін қолдану және банктердің қаржылық есептілігіндегі оның көрінісі үшін Ұлттық Банкте заңнамалық өкілеттіктердің болмауымен;

2) активтердің сапасын бағалауға банктердің міндетті қатысуы жөніндегі заңнамалық талаптардың болмауымен шектеледі. Активтерді бағалауға банктердің ерікті қатысуы ірі банктер қатысудан бас тартқан кезде осы іс-шараның тиімділігін төмендетуі мүмкін;

3) экономикалық өсу қарқынының төмендеуі жағдайларында меншікті капиталды ұлғайту көздерінің банктердің акционерлерінде болмауымен шектеледі.

Осыған байланысты Ұлттық Банк банк заңнамасындағы ерекшеліктер мен ағымдағы экономикалық ахуалды есепке ала отырып, Мемлекет басшысының банктер активтерінің сапасына бағалау жүргізу жөніндегі тапсырмасын іске асыруды бастады.

Осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде Ұлттық Банк кредиттік тәуекелді бағалау әдістемесіне және тәуекелге бағдарланған қадағалау мен дәлелді қадағалау пайымдамасына қатысты Ұлттық Банктің реттеуші мандатын күшейтуге сәйкес банктердің меншікті капиталынан реттеуші шегерімді енгізеді.

(1) және (2) проблемалар, атап айтқанда банктердің қаржылық есептілігіндегі активтерді бағалау нәтижелерін көрсету жөніндегі заңнамалық өкілеттіктердің болмауы және активтерді бағалауға банктердің міндетті қатысуы жөніндегі заңнамалық талаптардың болмауы капиталдан реттеуші шегерімді енгізу және тәуекелге бағдарланған қадағалауға көшу арқылы шешіледі.

(3), банктердің меншікті капиталын ұлғайту көздерінің болмауы проблемасын шешу үшін Ұлттық Банк жүйе құраушы банктің және Қазақстанның экономикасы үшін әлеуметтік мәні бар басқа да ірі банктердің қаржылық тұрақтылығын арттыру жөніндегі шараларды іске асыруды ұсынады.

## **2.2 Жүйе құраушы банктердің қаржылық орнықтылығын арттыру**

Бұл бағытта несие портфелінде жоғары шоғырлануы бар, активтерді қалпына ұзақ уақыт кетіретін және негізгі қарыз алушылардың өз міндеттемелерін уақтылы орындау үшін жеткілікті ақша ағынын жинақтай алмайтын жүйе құраушы банктің проблемаларын шешу көзделген.

Жүйе құраушы банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін оның осындай активтерден оңашалануы және осындай активтерді экономикалық айналысқа тарту арқылы одан әрі қалпына келтіру қажет.

Осыған байланысты ҚР Үкіметі мен Ұлттық Банк жүйе құраушы банк үшін кредиттік тәуекелдерді туындататын және оларға банк қызметін үзіліссіз ұсынуға кедергі келтіретін активтерді сатып алуды көздейтін жүйе құраушы банктерді сауықтыру үлгісін қабылдады.

ҚР Үкіметінің меншігіне берілген «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ бұл бағыттың операторы болып табылады.

Жүйе құраушы банкті оңалту бойынша іс-шаралар аясында және Үкімет, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ (ПКҚ), Ұлттық Банк және өзге тараптар арасында жасалған 2017 жылғы 2 маусымдағы Негіздемелік келісімге сәйкес, жүйе құраушы банктің несиелік портфелін, несиелік портфелінің 50% астамын құрайтын проблемалық қарыздан тазалау ПКҚ бұрын банк болып табылған ұйымның активтерін сатып алу есебінен жүзеге асырылды.

ПКҚ балансына қабылданған, акционері ҚР Үкіметі болып табылатын активтердің сипатын ескере отырып, оларды мемлекеттің меншігіне беру қалалық инфрақұрылымды дамыту және активтерді мемлекет мұқтажы үшін пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтеді, мұның бәрі мүлікті одан әрі жекешелендіру процесіне оң әсерін тигізеді.

Ұлттық Банк пен жаңа стратегиялық инвестор жүргізген активтердің сапасын тәуелсіз кешенді бағалау (Due Diligence нәтижелері бойынша) ҚЕХС сәйкес қалған несиелік портфелі бойынша барабар қосымша провизиялар (резервтер) көлемі құрылады.

Мемлекеттік қолдау және жаңа инвестордың қосымша инвестициялары нәтижесінде жүйе құраушы банк капитал мен өтімділік қысымын сезінбейді және клиенттер алдындағы міндеттемелерін дербес орындауға және экономикадағы кредиттік белсенділіктің өсуін қолдауға қабілетті болады.

Мемлекет тарапынан уақтылы қолдау жүйе құраушы банктің басты сегменттерде (төлем жүйелері, сондай-ақ кредит және депозит нарықтары) жүйелік маңызды болып табылатын, үздіксіз жұмыс істеуі бүкіл қаржы нарығының тұрақты жұмыс істеуі үшін қажетті қаржылық тұрақтылығын қалпына келтірді.

Сондай-ақ жүйе құраушы банктің несиелік портфелінің сапасы «жұмыс істемейтін» кредиттер деңгейін төмендету арқылы жақсартылды. Өз кезегінде, жүйе құраушы банктің несиелік портфелінің сапасын жақсарту мынадай оң нәтижелерге ие болады:

- портфельдегі «жұмыс істемейтін» кредиттер деңгейін төмендету нәтижесінде бүкіл банк жүйесінің тұрақтылығы жетілдірілетін болады;
- қаржылық тұрақтылықты арттыру банк клиенттерінің және тұтастай алғанда қаржылық қызметтерді тұтынушылардың сенімін арттыруға мүмкіндік береді;

– ел экономикасының, банк секторы үшін жүйелік тәуекелдің өсу қаупі жоқ, жоғары қарқынмен өсуін қаржыландыруды және қолдауды айтарлықтай жандандыру мүмкіндігі пайда болады.

Мемлекеттің қаражатын қалпына келтіру жүйе құраушы банктің ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын ішінара сатып алу, сондай-ақ жер телімдері, талап ету құқықтары және жылжымайтын мүлік ретінде сатып алынған активтерді сату (қалпына келтіру) есебінен жүзеге асырылады.

### **2.3 Ірі банктердің қаржылық орнықтылығын арттыру**

Қатысушы-банктер Ұлттық Банктің қадағалау шараларының шеңберінде қаржылық орнықтылықты арттыру жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде акционерлер тарапынан банкті 2022 жылдың соңына дейін үстеме капиталдандыру және активтердің сапасын жақсарту (қарыз алушыларды оналту, қосымша кепілдерді қабылдау, берешекті өндіріп алу) бойынша іс-шаралар жүргізеді.

Қаржылық орнықтылықты арттыру жөніндегі іс-шаралар аясында қатысушы-банктер қосымша капитал қалыптастырады (әлеуетті шығындар көлемінен 66% аспайтын мөлшерде), ол ХҚЕС талаптарына сәйкес активтер бойынша резервтер (провизиялар) құруға пайдаланылуы мүмкін.

Банк акционерлері, өз тарапынан, банктің әлеуетті шығындары сомасынан 33% кем емес мөлшерде қатысушы-банктерді бірлесіп қосымша капиталдандыруды қамтамасыз етеді.

Бұл ретте әлеуетті шығындары толық сіңіру үшін 2022 жылға қарай меншікті капиталды арттырудың жалпы мөлшері менеджменттің және банк акционерлерінің әрекеті есебінен, оның ішінде бөлінбеген таза пайданы шоғырландыру есебінен, 5 (бес) жыл өткен соң әлеуетті шығынның жиынтық мөлшерінің кем дегенде 66% құрауға тиіс.

Банк акционерлерінің бірлесіп қатысуы қағидатында банктерді сауықтыруды және капиталдандыруды арттыруды қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банктің инвестициялары есебінен мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады. Мемлекеттік қолдау шетелдік қатысуы бар еншілес банктерді қоспағанда, меншікті капиталының мөлшері кемінде 45 млрд. теңге болатын екінші деңгейдегі банктерге көрсетіледі. Бұл ретте Ұлттық Банктің инвестициялары меншікті капиталдың жеткілікті деңгейін қалыптастыру бойынша менеджменттің және банк акционерлерінің әрекетін толықтырады.

Мемлекет қаражатының ақылдылығы, мерзімділігі және қайтарымдылығы, банктердің ерікті қатысуы және банк акционерлерінің ортақ жауапкершілігі бағдарламаның негізгі қағидаттары болып табылады.

Бағдарламаға банктер Ұлттық Банкке қаржы модельдерін қоса бере отырып өтінім жіберу арқылы қатыса алады, олар кредит беру және экономиканың нақты секторының субъектілеріне басқа да қаржы қызметтерін көрсету бойынша саясаттар мен банк талаптарын есепке ала отырып

қарастырылатын болады. Қаржы модельдері мен банк саясаттарын сараптау және бағалау негізінде Ұлттық Банк Басқармасы реттелген кредит беру туралы шешім қабылдайды.

Ұлттық Банктің еншілес ұйымы Бағдарламаның операторы болып табылады, ол банктің реттеуіш капиталының құрамына енгізуге арналған өлшемшарттарға сәйкес келетін реттелген борыш талаптарымен ақшалай қаражатты ұсыну арқылы банктерді қаржылық қолдау тетіктерін іске асырады (Contingent convertible capital instruments).

Реттелген борыш деп қатысушы-банктің реттелген облигациялары танылады, Оператор оны қатысушы-банктің оларды 15 жыл өткеннен кейін өтеу міндеттемесімен сатып алады.

Қатысушы-банктердің реттелген борышын шығару жағдайларында банктің қаржылық жай-күйі нашарлаған және активтерді шығару фактілері анықталған жағдайда реттелген борышты банктің жай акцияларына айырбастау тетігі көзделеді.

Реттелген облигацияларды сатудан алынған ақша қаражатының барлық сомасына қатысушы банктер мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алады. Мемлекеттік бағалы қағаздарды кезең-кезеңмен сату мүмкіндігі көзделеді. Бұдан басқа, банктерге сатып алынған мемлекеттік бағалы қағаздарды РЕПО операцияларына пайдалану құқығы беріледі.

#### *Қатысушы-банктерге қойылатын талаптар*

Қатысушы-банктердің реттелген облигацияларын шығару жағдайларында банктің қаржылық ахуалы нашарлаған кезде, атап айтқанда ол Ұлттық Банк белгілеген меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерін бұзған және активтерді шығару фактілері анықталған кезде облигацияларды жай акцияларға айырбастау көзделеді.

Ұлттық Банктің қатысушы банктерге қадағалау шаралары аясында мынадай талаптар белгіленеді:

- 1) акционерлер құрылымының транспаренттілігін арттыру (соңғы бенефициарларды анықтау);
- 2) қарыз қаражаты есебінен банкті қосымша капиталдандырудың жүзеге асырылмауы;
- 3) банктің басшы қызметкерлеріне тіркелмеген сыйақы (бонустар) төлеуді (жылдық еңбекақыдан асыру) шектеу;
- 4) банк акционерлеріне дивидендтер төлеуді шектеу;
- 5) Ұлттық Банк айқындаған өлшемшарттарға сәйкес жоғары деңгейдегі тәуекелмен қарыз беруді шектеу.

Банктің реттелген облигацияларды жай акцияларға айырбастау туралы шешімін Ұлттық Банктің Басқармасы қабылдайды.

Реттелген облигацияларды жай акцияларға айырбастаған жағдайда банктің қаржылық жағдайын тұрақтандыру бойынша шараларды

қабылдағаннан кейін акционерлік капиталдың үлесі жаңа инвесторға сатылатын болады.

*Мемлекет қаражатының қайтарымдылығы*

Банктердің капиталында реттелген борыш сақталған жағдайда мемлекеттік қаражаттың қайтымдылығы реттелген борыш шығарылымы проспектісімен белгіленген мерзім ішінде, бірақ 15 жылдан асырмай өтеу арқылы жүзеге асырылады.

Реттелген борышты жай акцияларға айырбастау кезінде мемлекеттік инвестициялардың қайтарымдылығы жаңа инвесторлардың (оператордың) мемлекеттің үлесін сатып алуы есебінен қамтамасыз етіледі.

## **V. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер**

Үкімет пен Ұлттық Банктің банк секторын қолдау бойынша қабылдайтын шаралары 5 (бес) жыл ішінде банк секторының жұмыс істемейтін активтерін 1 трлн. теңгеден астам сомаға қысқартуға әкеп соғады, ол активтердің капиталдандыру, есептен шығару, кешіру және сапасын жақсарту бойынша басқа шараларды қамтамасыз ету есебінен жалпы елдің экономикасының дамуына мультипликативтік ықпал етеді.

Бағдарламаның нәтижелері бойынша банк секторының жиынтықты меншікті капиталы 5 (бес) жыл ішінде 1 трлн. теңгеден астам сомаға ұлғаяды, ол жаңа қолайсыз сыртқы факторларға олардың қаржылық тұрақтылығын және орнықтылығын күшейтеді.

Банктердің меншікті капиталдарының ұлғаюы банктердің жұмыс істемейтін активтерін төмендетумен бірге банктердің экономиканың нақты секторларын кредиттеуді қолдайды. Экономикада жаңа қарыздарды кемінде 300 млрд. теңге мөлшерінде беруді жыл сайын өсіру күтіледі. Бағдарлама экономиканың аралас салаларының бұдан әрі дамуына ықпал ететін болады, ол өз кезегінде экономиканың нақты секторының кәсіпорындары соңғы қарыз алушылардың қаржылық жағдайының сауығуына ықпал ететін болады.

Осылайша, Ұлттық Банк қатысушы банктердің талапты қаржыландыру бергені үшін Бағдарламаның елдің экономикалық өсуін қолдауға үлесін қосады және Қазақстан Республикасының әлемнің дамыған 30 (отыз) елінің қатарына кіруге ықпал ететін болады.

Жалпы, жұмыс істемейтін кредиттердің банктердің капиталына қысымын төмендету банктердің қолданыстағы стратегиясын және бизнес-модельдерін қайта қарауына және оңтайландыруына әкеп соғады. Банк қызметтерінің жаңа және тиімді түрлерін, оның ішінде цифрлық технологиялар кеңейтуге және дамытуға банктің белсенділігін арттыру күтіледі, олардың көрсететін қызметінің құнын төмендетеді.

Банк шотына қол жеткізу және клиенттің операцияларды онлайн-режимде жасауы мақсатында 2019 жылға қарай клиенттердің банк шоттары жүргізілетін банктік ақпараттық жүйелердің тәулік бойы жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шараларды іске асыру шеңберінде банктердің жылдам төлемдер жүйесін құруға қатысуы бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады. Жылдам төлеу жүйесі алушы үшін ақшаның жылдам қолжетімділігімен нақты уақыт режимінде Қазақстан бойынша кез келген банк шотынан кез келген банк шотына төлемдер жасау және аударымдар жасауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асырудың нәтижелері бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарын қоса алғанда, экономика субъектілері үшін банк операцияларының құнын төмендету күтіледі.